

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ҚазҰТЗУ ХАБАРШЫСЫ _____

_____ **ВЕСТНИК КазНУ**

VESTNIK KazNRTU _____

№1 (119)

Главный редактор
И. К. Бейсембетов – ректор

Зам. главного редактора
М.К. Орунханов – проректор по науке

Отв. секретарь
Н.Ф. Федосенко

Редакционная коллегия:

С.Б. Абдыгаппарова, Б.С. Ахметов, З.С. Абишева, Ж.Ж. Байгунчечков-акад. НАНРК, В.И. Волчихин (Россия), К. Дребенштед (Германия), Г.Ж. Жолтаев, С.Е. Кудайбергенов, С.Е. Кумек, Б. Кенжалиев, В.А. Луганов, С.С. Набойченко – член-корр. РАН, И.Г. Милев (Германия), С. Пежовник (Словения), Б.Р. Ракишев – акад. НАН РК, М.Б. Панфилов (Франция), Н.Т. Сайлаубек, Н.С. Сеитов - член-корр. НАН РК..

Учредитель:

Казахский национальный исследовательский технический университет
имени К.И. Сатпаева

Регистрация:

Министерство культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан № 951 – Ж “25” 11. 1999 г.

Основан в августе 1994 г. Выходит 6 раз в год

Адрес редакции:

г. Алматы, ул. Сатпаева, 22,
каб. 904, тел. 292-63-46
n.fedossenko @ ntu.kz

УДК: 656.073.51

Ж.Г. Жәнібекқызы, А.З. Нурмуханова, А.А. Куйкабаева, Ш.С. Оспанова
(Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы)

ЖҮКТЕРДІҢ КЕДЕНДІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ РӘСІМІН ТАЛДАУ (ЕС-T2L)

Түйіндеме. Берілген мақала кеденнен өткізілетін жүктердің кедендік мәртебесін Кеден кодексіне және соған сәйкес қабылданатын кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сүйене отырып растау үрдісін қарастыруға арналған. Мақалада Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес кедендік рәсімдеуді оңайлату және жеделдету мақсатында басқа мемлекеттердің кедендік рәсімдеу үшін пайдаланылатын кедендік құжаттары жайлы сөз қозғалып, олардың тиімді тұстары қарастырылады. Кеден кодексін саралай отырып, кедендік рәсімдеуді жүргізудің технологиясы мен негізгі сатылары жайлы сөз қозғалды.

Кілттік сөздер: кеден шекарасы, нормативтік-құқықтық актілер, кедендік рәсімдеу тәртібі мен технологиясы, кедендік режим, кеден төлемдері.

Қазіргі экономикалық даму ұлттық экономикалардың аймақтық және бірыңғай әлемдік кешендерге бірігу үрдісіне, еркін сауданың кең аймақтарын құруға тауарлар мен қызметтермен алмасу жөніндегі халықаралық келісімдер ролінің артуына ұмтылысымен сипаталады. Барлық елдердегі ұлттық экономикалар есімдеудің белгілі бір дәрежеде ашық болуда халықаралық еңбек бөлінісімен халықаралақ бәсекеге қосылуда.

Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік басқару органдарының жүйесінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға уақытылы қызмет көрсететін неғұрлым динамикалы түрде дамушы ретінде кеден қызметіне ерекше рөл беріліп отыр. Бұл сыртқы экономикалық байланыстар қарқындарының өсуімен түсіндіріледі.

Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізілуін тездету үшін кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылау механизмін жетілдіру маңызды болып табылады. Сондықтан ғылыми мақаланы орындаудың мақсаты: жүктерді кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылаудың негізгі терминдері мен түсініктерін, мақсаттарын және құқықтық негіздерін ашу; қатысушылар шеңберін анықтау және олардың тауарлар мен жүктерді Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу кезінде кедендік рәсімдеу кезендерін рет ретімен орындау бойынша тиімді әрі ұтымды ұсыныстар жасау болып табылады.

Кедендік рәсімдеу кеден кодексте және соған сәйкес қабылданатын кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын тәртіппен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес кедендік рәсімдеуді оңайлату және жеделдету мақсатында басқа мемлекеттердің кедендік рәсімдеу үшін пайдаланылатын кедендік құжаттары қолданылуы мүмкін.

Кедендік рәсімдеуді жүргізудің тәртібі мен технологиясы мыналарға:

- 1) Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың санаттарына;
- 2) Осындай өткізу үшін пайдаланылатын көлік түріне;
- 3) тауарларды өткізетін тұлғаларға байланысты сараланған.

Кедендік рәсімдер тауарлар шығарылатын, жөнелтілетін және жеткізілетін елге қарамастан бірдей қолданылады [1].

Тауарлар, жүктер мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу – кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар, жүктер мен көлік құралдарына қатысты құжаттарды кеден органына берген немесе тұлғаның ауызша мәлімдеуі не кедендік рәсімдеуді жүзеге асыру ниетін куәландыратын өзге де іс-әрекеттер жасаған кезінен басталады. Ветеринариялық, фитосанитарлық және мемлекеттік бақылаудың басқа да түрлеріне қатысты кедендік рәсімдеу осындай бақылауды жүзеге асыратын тиісті уәкілетті мемлекеттік органдармен келіскеннен кейін ғана аяқталуы мүмкін. Кедендік рәсімдеу тауарларды және жүктерді кедендік режимге орналастыру үшін қажетті кедендік операциялар жасағаннан кейін, сондай-ақ кедендік төлемдер және салықтар есептелік, өндіріліп алынғаннан кейін аяқталады.

Тауарлар, жүктер мен көлік құралдарын декларациялау және оларды белгілі бір кедендік режимге орналастыру бойынша іс-әрекет негізгі кедендік рәсімдеу деп танылады. Тауарларды негізгі кедендік рәсімдеу жөніндегі кедендік операциялар кеден органдары орналасқан жерде және олардың жұмыс уақытында жасалады. Декларанттың дәлелді сұрауы бойынша тауарларды, жүктерді негізгі

кедендік рәсімдеу жөніндегі кедендік операциялар кеден органдары орналасқан жерден тыс және олардың жұмыс уақытынан тыс жасалуы мүмкін. Тауарларды алушы, жіберуші не олардың құрылымдық бөлімшелері тіркелген кеден органының қызметі аймағынан тыс жерде тауарларды негізгі кедендік рәсімдеу жүзеге асырылған кезде декларант басқа кеден органының қызмет аймағында кедендік операциялардың жасалғаны туралы хабарлама беруге міндетті. Хабарлама берілген кезінен бастап төрт сағаттан аспайтын мерзімде кеден органында тіркелуге тиіс. Хабарламаны тіркеу нысаны мен тәртібін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді [2].

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына табиғи зілзаланың, авариялардың, апаттардың зардаптарын жоюға қажетті тауарларды, сондай-ақ тез бұзылатын тауарларды, тірі жануарларды, радиоактивті материалдарды, жарылғыш заттарды, бұқаралық ақпарат мақсаты үшін хабарламалар мен материалдарды және осы тектес тауарларды әкелу және осы аумақтан әкету кезінде рәсімдеу басым тәртіпте жүргізіледі. Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар мамандандырылған көлік-экспедициялық ұйымдар жетпіс екі сағат ішінде алушыға дейін жеткізу мақсатында көліктің кез келген түрімен өткізілетін тауарлар экспресс-жүк деп танылады. Кедендік рәсімдеудің басым тәртібінде жүктің толық кедендік декларациясын кеден органына кейіннен бере отырып, уақытша кедендік декларация ретінде қаралатын өтініш және тауардың ілеспе құжаттары берілуі көзделеді. Өтініште тауарларды жіберушілер мен алушылар, тауарлар жіберетін және жеткізілетін елдер туралы мәліметтер, тауарлардың атауы, сипаты, саны, брутто салмағы және құны, тауарларды пайдалану мақсаты туралы, сондай-ақ, мәлімделетін тауарларды орналастыру болжанатын кедендік режим туралы мәлімет, жүктің кедендік декларациясын, кедендік мақсат үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді белгіленген мерзімде беру туралы міндеттеме болуға тиіс. Жүктің толық кедендік декларациясы тауарлардың шартты шығу күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей кеден органына беріледі. Кедендік рәсімдеу кезінде декларанттың өтініші мен тауарлардың ілеспе құжаттарын кеден органы тіркеген күні қолданыста болған нормативтік құқықтық актілер қолданылады. Кедендік төлемдер және салықтар салынатын тауарлар кедендік төлемдердің және салықтардың төленуі қамтамасыз етілген жағдайда ғана басым тәртіппен рәсімделеді.

Кедендік рәсімдеуді жетілдіру мақсатында кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган тауарлар мен көлік құралдарын бірдейлендіру үшін қажетті мәліметтердің ең аз көлемі берілген кезде тауарлар мен көлік құралын шығаруды көздейтін, тауарлар мен көлік құралдарын рәсімдеудің оңайлатылған тәртібі белгіленеді [3].

Алдын ала жүргізілетін операцияларға негізгі кедендік рәсімдеу және тауарлар мен көлік құралдарын белгілі бір кеден режиміне орналастыру алдындағы кеден ісіне қатысты барлық іс-әрекеттер жатады. Алдын ала жүргізілетін операциялар тауарлар мен көлік құралдарын негізгі кедендік рәсімдеуді және оларды белгілі бір кеден режиміне орналастыруды жеңілдетуге және тездетуге тиіс. Алдын ала жүргізілетін операциялар кезінде Қазақстан Республикасының кеден органдары әкелу мен әкетуге тыйым салынған тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге жол бермеуге, сондай-ақ кеден мақсаты үшін тауарлар мен көлік құралдарын теңдестіруге бағытталған алдын ала кедендік рәсімдеу жүргізіледі. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелген кезде, сондай-ақ тауарлар мен көлік құралдарын еркін экономикалық аймақтар мен еркін қоймалар аумағынан Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткендігі туралы Қазақстан Республикасының кеден органына хабардар етеді. Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерлерге әкеткен кезде тауарлар мен көлік құралдарын өткізуші тұлға осы тауарлар мен көлік құралдарын әкету ниеті туралы

Қазақстан Республикасының кеден органдарын хабардар етеді. Қазақстан Республикасының кеден органдары мұндай хабарларды тіркейді және одан әрі кедендік рәсімдеуді жүзеге асыру үшін тауарлар мен көлік құралдары келуге тиіс уақыт пен орынды тағайындайды. Егер тауарларды өткізуші тұлға осылайша хабардар етпейтін болса, онда мұндай міндет тасымалдаушыға жүктеледі. Тауарларды, көлік құралын және олардың құжаттарын жеткізу құралдарының, белгіленген сапар бағыты мүмкіндіктері мен тасымалдың басқа да шарттарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының кеден органы айқындаған мерзімдерде, бірақ айына екі мың километр есебімен белгіленген шекті мерзімнен асырмай жүргізуге тиіс.

Тасымалдаушы оның көлік құралы осы заңның ережелерінің сақталуына кепілдік бере алмайды деп санауға Қазақстан Республикасы кеден органының негіздері болған жағдайда Қазақстан Республикасының кеден органы тауарлар мен олардың құжаттарының көлік құралы тиісінше жабдықталған

кедендік алып жүру болған жағдайда ғана тасымалын жүргізуін белгілеуге құқылы. Тасымалдаушының көлік құралы тиісінше жабдықтауға кеткен шығынын Қазақстан Республикасының кеден органы өтемейді. Аталған құралдарды пайдалану мүмкіндігі болмайтын реттерде тауарлар мен олардың құжаттарын тасымалдауға депозитке тиесілі саланы енгізуді қоса кеден бажы мен салықтарының төленуі қамтамасыз етілген жағдайда беріледі. Жеткізілген жерінде тауарлар мен көлік құралдары Қазақстан Республикасының кеден органына ұсынылады, ал олардың құжаттары соған табыс етіледі. Ұсыну тауарлар мен көлік құралдарының келгені туралы олар келгеннен кейін бір тәуліктен кешіктірілмей хабарлама беруден көрінеді. Тауарларға қатысты өкілеттігі бар тұлғалар мен олардың өкілдері Қазақстан Республикасы кеден органының рұқсатымен тауарларды ұсынғаннан кейін кеден құжаттарын рәсімдеу мақсатында тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуы мүмкін, сонымен қатар кеден лабораторияларымен бірлесе отырып, оларға зерттеу жүргізуге құқылы.

Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін осындай алу кезінде куәлар қатысады. Тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алу тәртібін, оларды зерттеу мерзімдері мен тәртібін, сондай-ақ оларға иелік ету тәртібін Қазақстан Республикасының орталық кеден органы белгілейді.

Жүктерді кедендік рәсімдеудің рәсімі алдын ала жасалатын операциялардан және негізгі кедендік рәсімдеуден тұрады.

Алдын-ала жасалатын операциялардың мақсаты жүктерді белгілі бір кеден режиміне орналастыру және негізгі кедендік рәсімдеуді тездету мен жеңілдету болып табылады. Алдын-ала жасалатын операциялар кезінде лауазымды тұлғалар мынадай кедендік рәсімдеуді жүргізеді:

- 1) Қазақстан Республикасының кеден территориясынан әкелінген жүктерді қабылдау;
- 2) Қазақстан Республикасының кеден территориясынан жүктерді әкету кезіндегі рәсім;
- 3) Кеден бақылауындағы жүктерді жеткізу ережесіне сәйкес жүк жеткізуін рәсімдеу;
- 4) Жүктерді уақытша сақтау қоймасына рәсімдеу және бақылау;
- 5) Қысқаша декларацияны қабылдау;
- 6) Жүктердің сынамалары мен үлгілерін алу;
- 7) Рәсімделген құжаттарды лауазымды тұлғаларға беру.

Автокөлік транспортымен әкелінген жүктерді шекаралық және транспорттық бақылаудан өткеннен кейін мынадай алдын-ала операцияларға кіретін әрекеттер жасалады:

- 1) Қазақстан Республикасының кеден шекарасында, кеден мақсаты үшін қажетті құжаттарды тексеру мен рәсімдеу;
- 2) Барлық транспорттық көлік құралдарымен тасымалданатын жүктердің аты, салмағы, саны, құны туралы құжаттарды көрсету;
- 3) Транспорттық көлік құралдарын тексеру;
- 4) Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген тәртіпке сәйкес жүктердің сынамалары мен үлгілерін алу [4].

Негізгі кедендік рәсімдеудің мақсаты жүктер мен транспорттық көлік құралдарын белгілі бір кеден режиміне орналастыру, сонымен қатар орналастырылған режимге сәйкес жүктерді шығару және осы режимге сәйкес әрекетті аяқтау болып табылады. Негізгі кедендік рәсімдер жүкті алушының немесе жіберушінің қызмет аймағында, кеден аймағында жүргізіледі. Негізгі кедендік рәсімдеу бес сатыдан тұрады:

- 1) кеден декларациясын қабылдау, тіркеу сатысы;
- 2) ішкі экономикалық қызметтің жүк номенклатурасына сәйкес тауарлардың шыққан елінің кодын дұрыс анықтауды бақылау және тарифтік емес реттеу шараларын орындау сатысы;
- 3) кедендік құнды және валюталық бақылау сатысы;
- 4) кедендік төлемдерді бақылау сатысы;
- 5) тексеру және шығару сатысы.

Кедендік декларацияларды қабылдау, тіркеу сатысында Қазақстан Республикасының кеден органына міндетті түрде көрсетілетін қажетті құжаттар мен декларацияны қабылдау, сонымен қатар электрондық кеден декларациясының көшірмесін тексеру және барлық декларацияларға номер қою жатады.

Жүктердің кодын анықтау және тарифтік емес реттеу шараларының сақталуына бақылау сатысында ішкі экономикалық қызметінің жүк номенклатурасы бойынша тауар кодын, шығу елін дұрыс анықтауға бақылау жүргізіледі, сонымен қатар тауарлардың шығу еліне анықтайтын құжаттар мен мәліметтерді тексеру, тауарларды белгілі бір кеден режиміне сәйкес орналастыруда қойылатын талаптардың сақталуына бақылау жасау.

Кедендік құнды бақылау және валюталық бақылау сатысында мына әрекеттер жасалады:

–валюталық заңдылықтың талаптарына сәйкес жүргізілетін ішкісауда келісім шарттары мен құжаттарын тексеру;

–валюталық бақылауды жүзеге асыруда көрсетілетін кеден декларациясындағы мәліметтердің сәйкестігін тексеру;

–кедендік рәсімдеу кезінде жүктің кедендік құнын анықтайтын құжаттардың дұрыстығын тексеру;

– уақытша тауар бағасы.

Кеден төлемдеріне бақылау сатысында мына тексерулер жүргізіледі:

–кедендік төлемдерді және кедендік берешекті төлеуде тұлғалардың жауапкершілігін;

–тарифтік және кедендік жеңілдіктер мен преференциялардың негізділігіне;

–декларанттың бақылауымен бекітілген мерзімде кедендік декларацияны тапсыру;

–кеден төлемдерін есептеудің дұрыстығын.

Жүктерді тексеру және шығару сатысында мына әрекеттер жүргізіледі:

–жүкті қарап шығу тапсырысы негізінде тексеру;

–тексеру нәтижесі кедендік тексеру актісінде көрсетіледі, қажет болған жағдайда кедендік тексеру актісінің қосымша бетінде көрсетіледі;

–жүк мен көлік құралдарының шығуы мүмкін емес немесе шыққаны туралы шешім қабылдау жолымен кедендік рәсімдеудің аяқталуы.

Қажетті тексерулер алдыңғы кедендік рәсімдеу сатысында қабылдана береді. Бұл жағдайда, лауазымды тұлға кеден декларациясына “тексерілді” деген белгі қойып, тексеріс шешімін жүкті шығаруға жауапты тұлғаға хабарлайды. Кеден декларациясын тексеру, құжаттар мен тауарларды тексеру кеден органдарымен кеден декларациясын қабылдағаннан кейін үш күннің ішінде жүзеге асырылады. Жүкті шығару туралы шешім қабылданғаннан кейін жүктің кедендік декларациясында “шығаруға рұқсат етіледі” деген белгі қойылады. Егерде рәсімдеу кезінде жүктің шығуы мүмкін болмаған жағдайда “тексерілді” сонымен қатар “шығаруға рұқсат етілмейді” деген белгі қойылып, оның қысқаша себебі көрсетіледі. Жүктерді шығармау туралы шешімді кеден рәсімдеу бөлімінің бастығы мен оның орынбасары қабылдайды [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Жақшиев Д.С. Кеден органдарының құқықтық мәртебесі: теориясы мен практикасының мәселелері – Алматы «Данекер» 2012 ж. 298 б.

[2] Таможенное оформление: Школа Таможенного брокера – Алматы 2013 - 153 с.

[3] Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған).

[4] «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (26.07.2016 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

[5] О таможенном оформлении товаров и транспортных средств, Приказ Председателя ТК МГД РК №51 2015 г.

Жәнібекқызы Ж.Г., Нурмуханова А.З., Куйкабаева А.А., Оспанова Ш.С.

Анализ оформления подтверждения таможенных статусов грузов (ЕС-T2L)

Аннотация. Научная статья посвящена процессу подтверждения присвоения таможенного статуса грузам, проходящих таможенную проверку, согласно Таможенному Кодексу РК, а также утвержденным в соответствии с ним нормативным правовым актам. В научной статье были рассмотрены таможенные документы других стран и их эффективные стороны для облегчения процесса оформления грузов, проходящих через таможенный контроль РК. Были организованы вопросы по поводу главных этапов и технологий таможенного оформления грузов.

Ключевые слова: таможенная граница, нормативно-правовые акты, правила таможенного оформления и его технология, таможенный режим, таможенная оплата.

Zhanibek G.Z., Nurmukhanova A.Z., Kuykabaeva A.A., Ospanova Sh. S.

Analysis of Customs Clearance confirmation of status of goods (EC-T2L)

Summary. The scientific article is devoted to the process of appropriation the confirmation customs status of goods that pass customs inspection, according to the Customs Code of the Republic of Kazakhstan, as well as approved In accordance with it normative legal acts. In the scientific article we examined customs documents of other countries and their effective hand to facilitate cargo clearance process, passing through customs control of Republic of Kazakhstan. It was organized on the issues of the main stages and technologies of customs clearance.

Key words: Customs border, regulations, rules, customs clearance and technology, customs regime, the customs payment.

МАЗМҰНЫ

Жер туралы ғылымдар

<i>Әжіғалиев Д. Қ.</i> ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МҰНАЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР МЕН ГАЗ-ӨНДЕЙТІН ЖАҢАЖОЛ ТӨРТКӨЛ АЙМАҒЫ.....	3
<i>Нұрпейісова М.Б., Сандибеков М., Копжасарұлы К., Бек А.</i> КЕНІШТЕРДЕГІ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ	10
<i>Бекмұхамедов І., Шахизат Ә.</i> ГЕОПОРТАЛДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ КӨРСЕТУ ҮШІН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТ.....	14
<i>Елбасиева Б.Б., Оспан Г., Арықбаева К.М.</i> НҰРА ӨЗЕНІНІҢ ЖЫЛДЫҚ АҒЫНДЫСЫНЫҢ БҰЗЫЛУ СӘТІН АНЫҚТАУ.....	17
<i>Усубалиева С. Дж.</i> ҚАЛАЛАРДАҒЫ ШЫҒАРЫНДЫЛАР КӨЗДЕРІНДЕГІ ПАРНИКТІК ГАЗДАРДЫ БАҒАЛАУ.....	23
<i>Молдағазиева Ж.Ы.</i> ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫ ПАЙДАЛАНҒАН ГАЗДАРДЫҢ ӘСЕРІН ТАЛДАУ	26
<i>Берденов Ж.Г., Джаналеева Г.М., Мендыбаев Е.Х., Атаева Г., Емин Атасой</i> ӨНЕРКӘСПТІК ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ЛАНДШАФТЫҢ ГЕОХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ	30
<i>Салихов Т.Қ.</i> БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ «БӨКЕЙОРДА» АТТЫ ЖОБАЛАНЫП ОТЫРҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ РЕЗЕРВАТЫНЫҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӨЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ	37
<i>Дүйсебаева К.Ж., Ақашева Ә.С., Дүйсенбаев С.М., Камалбекова А.Н.</i> ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНІҢ СУ ӨЛЕУЕТІ ЖӘНЕ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	43
<i>Қойишиева Т.Қ.</i> DELPHI БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН «ЖҰМАШ» ШИПАЖАЙЫНДАҒЫ ЖЕРАСТЫ СУЫНЫҢ ҚУАТТЫЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ	46
<i>Нұрпейісова М.Б., Курманбаев О.С.</i> ИНЖЕНЕРЛІК ҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ДЕФОРМАЦИЯЛАРЫН ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ӘДІСІНТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.....	51
<i>Базанова И.А., Мусаева Г.С., Саржанов Т.С.</i> КӨШКІН ҚАУІП МОНИТОРИНГІ ӘДІСТЕРІ.....	56

Техникалық ғылымдар

<i>Акашев Б.Т., Жұмағұлов Т.Ж., Абжаев М.М., Сахитжанов М.Ш.</i> ТҮТҚЫРЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫНАН ДАЙЫНДАЛҒАН ҚОСПАНЫ АРАЛАСТЫРУ ҚОНДЫРҒЫСЫН ЕСЕПТЕУ ЖОЛДАРЫ.....	62
<i>Кожжаев Ж.Т., Имансакипова Б.Б., Мустафин М. Г., Байғурин Ж.Д.</i> ЖЕЗҚАЗҒАН КЕНОРНЫН ИГЕРУДЕГІ ГЕОМЕХАНИКАЛЫҚ ӨРЕКЕТТЕРДІ ИНТЕРФЕРОМЕТРИКАЛЫҚ ӘДІСПЕН БАҚЫЛАУ	66
<i>Бекбаев А.Б., Мұңсызбай Т.М., Адилов Ж.М., Жунусова Г.Ж.</i> СУДЫҢ ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ.....	72
<i>Имашев А.Ж., Бахтыбаев Н.Б., Қуттыбаев А.Е., Оленюк С.П., Мұратұлы Б.</i> КЕНТІРЕКТЕРДІҢ ҚАЛЫҢДЫҒЫН АНЫҚТАУДА ИНЖЕНЕРЛІК СЕЙСМИКА ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ	76
<i>Акубаева Д.М., Исаханова А.Б., Жусупбаева Б.Е.</i> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДА БОЛҒАН ӨРТТЕРДІ ТАЛДАУ.....	80
<i>Федоров Б.В., Шарауова А., Аубакиров М.Т.</i> ӨЗЕН МҰНАЙ-ГАЗ КЕН-ОРНЫНДАҒЫ ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ҰҢҒЫЛАУ КЕЗІНДЕ РДС ҚАШАУМЕН БҰРҒЫЛАУДЫҢ МОДЕЛІ.....	84
<i>Қалбаева А.Т., Құрақбаев А.Ж., Бренер А.М., Усенова А.Ж., Құрақбаева С.Ж.,</i> ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ БЬЕФТАРДЫҢ ЗАҚЫМДАНУЫМЕН БӨГЕТ АРҚЫЛЫ СУДЫҢ СҮЗУІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ	91
<i>Елемесов К., Толымбеков Е.К.</i> АРПМ ПАЙДАЛАНЫП ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ТАУ-КЕН МАШИНАЛАРЫ ЖЕТІЛДІРУ.....	96
<i>Ахметов Б.С., Горбаченко В.И., Кузнецова О.Ю., Алибиева Ж.М.</i> ЭНДОГЕНДІ ИНТОКСИКАЦИЯ СИНДРОМЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУДЫҢ НЕЙРО-АНЫКЕМЕС ЖҮЙЕЛЕРІ	100

<i>Ермағанбетова С.Д., Мухтарова М.Н., Нұрсейтова А.К., Набиева Т.</i> ҮЛКЕН ҚАЛАЛАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, РЕСУРСТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	109
<i>Мухтарова М.Н., Ермағанбетова С.Д., Нұрсейтова А.К., Ырғабай А.</i> ТҮС ӨЗГЕРІСІ БОЙЫНША ПАРАМЕТРЛЕРДІ ВИЗУАЛДЫ АНЫҚТАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰРАЛДАР	113
<i>Салыкова О.С., Поленко А.О.</i> ҚҰРАЛ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЖЕЛІНІҢ ТҮЙІНДЕРІН АЛЫСТАТЫЛҒАН БАСҚАРУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ.....	116
<i>Салыкова О.С., Архипов А.В.</i> ЖЕЛІНІҢ ТҮЙІНДЕРІН ҚОРЕКТИ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫП БАСҚАРУДЫҢ СЫМСЫЗ МОДУЛЫ ҮШІН WEB-ИНТЕРФЕЙСТІҢ ӨЗІРЛЕУІ.....	120
<i>Саздыбеков Е.М., Бейсенов Б.С.</i> ИНТЕНСИФИКАТОР БӨЛУ АҒЫНЫНЫҢ БЕТІНДЕГІ ЕЛЕУШТЕРДІ ҚАРҚЫНДАТУ ҮРДСІН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ.....	125
<i>Әден Е.М., Нұрмуханова А.З., Оспанова Ш.С., Куйкабаева А.А.</i> ЖАРТЫЛАЙ ӨТКІЗГІШ ДИОД БАЗАСЫНЫҢ КЕДЕРГІСІН КЕРНЕУДІҢ ТІКЕЛЕЙ АЗАЮЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӨЛШЕУ ӘДІСІ.....	129
<i>Сарғужина М.К., Лаврищев О.А., Нұрмуханова А.З.</i> ISO 14001:2004 СӘЙКЕС ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ТАЛДАУ.....	133
<i>Қатаев Н.С., Бақыт А.Б.</i> WEB - СЕРВИС ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ МЕХАНИЗМІНІҢ НЕГІЗДЕРІ.....	135
<i>Үкібасова Ф.С., Гордеев С.В.</i> ОПЕРАЦИЯЛЫҚ WEB-ҚОСЫМШАЛАРДЫ ӨЗІРЛЕУ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ӘДІСТЕРІН ШОЛУ.....	139
<i>Арипбаева А.Е., Мырхалыков Ж.У., Степанов С.Г.</i> ӨРТ СӨНДІРУ ПАРАМЕТРЛЕРІНДЕ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАЙЛАНЫСЫ ЖАРЫЛҒЫШ ІШКІ ГИДРАВЛИКАЛЫҚ ҚЫСЫМДА ОЛАРДЫҢ МАТА АРМАТУРАЛАУ ҚАҢҚАЛАРЫ.....	143
<i>Курбаниязов С.К.</i> БЕНТОНИТ САЗДАРЫ ҮШІН ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ	149
<i>Тусупова Б.Б., Бокамбаев М.М., Утепбергенев И.Т., Сағындықова Ш.Н., Маркосян М.В.</i> БИЗНЕС-ҮДЕРІСТЕРДІ МОДЕЛЬДЕУ ОҚИҒА ДИСКРЕТТІ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУ КОММЕРЦИЯЛЫҚ КӘСПОРЫН.....	154
<i>Қамбаров М.М.</i> ҚИЫН АЛЫНАТЫН МҰНАЙ ҚОРЫ БАР КЕН ОРЫНДАРДЫ ТИІМДІ ИГЕРУ ЖӘНЕ ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ.....	162
<i>Айтбаева М.А., Аканова Г.К.</i> ФОТОМЕХАНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТРАФАРЕТТІК БАСЫЛЫМДАҒЫ МЕТАЛЛОГРАФИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ.....	165
<i>Кеңесбек А.Е., Зулбухарова Э.М., Куйкабаева А.А., Нұрмуханова А.З., Оспанова Ш.С.</i> ӘУЕЖАЙЛАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУ РӘСІМІН ЖҮРГІЗУ АНАЛИЗІ.....	170
<i>Омарова С.А., Джумағалиева А.Н.</i> MOODLE ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ	173
<i>Мұслимов А.П., Дартаев Б.К.</i> ТЕРБЕЛІСТІ СӨНДІРУДІҢ ДИНАМИКАЛЫҚ МОДЕЛІН ЗЕРТТЕУ.....	175
<i>Маханова З.А., Ботаева С.Б., Қожабекова П.А., Нұрғалиқызы Ұ.</i> ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ БҮЛІ - КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ	178
<i>Генбач А.А., Бондарцев Д.Ю.</i> БИЛІК КАПИЛЛЯРЛЫҚ-КЕУЕКТІ ҚҰРЫЛЫМДАРДА ТҮРЛІ ЖЫЛУ ШАРТТАРЫН ЗЕРТТЕУ ҮШІН ҚОНДЫРҒЫЛАР.....	183
<i>Дробышев А., Алдияров А., Тыченгулова А., Рахат Б., Бауржан А.</i> АСҚЫН АҚҚЫШ ГЕЛИЙДІҢ БЕТІНДЕ КОНДЕНСИРЛЕНГЕН ЭТАНОЛ МОЛЕКУЛАЛАРЫНЫҢ ӨЗДІГІНЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕХАНИЗМІ.....	189
<i>Калыбеков Т., Жакыпбек Ы., Әбен А.С.</i> АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ.....	197
<i>Шахизат А., Бекмухамедов И.</i> ПРИМЕНЕНИЕ ГЕОИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ(ГИС) В КАЗАХСТАНЕ.....	202
<i>Мауленова М.Р., Машеков С.А.</i> АЛЮМИНИЙ ФОЛЬГАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	205
<i>Жәнібекқызы Ж.Г., Нұрмуханова А.З., Куйкабаева А.А., Оспанова Ш.С.</i> ЖҮКТЕРДІҢ КЕДЕНДІК МӘРТЕБЕСІН РАСТАУ РӘСІМІН ТАЛДАУ (ЕС-T2L).....	209

<i>Камзина А.Д., Жанибеков А.</i>	
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ КӨЛПІК ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТАСПАСЫ МӘСЕЛЕСІ МЕН КЕЛЕШЕГІ.....	213
<i>Баймаханов Г.А., Шакирзянов Р., Курмангазы Ж.,</i>	
МҰНАЙ БИГЫСТЫРУ ҮШІН ПОЛИМЕРЛІК ЕРТІНДІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУЫН ЗЕРТТЕУ.....	218
<i>Ожикенов К.А., Михайлов П.Г., Айтимов М.Ж., Кушегенова Ж.К., Кагазбекова Л.С.</i>	
ФИЗИКАЛЫҚ ШАМАЛАРДЫ ӨЛШЕУГЕ АРНАЛҒАН МИКРОЭЛЕКТРОНДЫ ДАТЧИКТЕРДІҢ ӨЛШЕУ МОДУЛЬДАРЫ МЕН СЕЗІМТАЛ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ БАЗАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ.....	223
<i>Ожикенов К.А., Михайлов П.Г., Айтимов М.Ж., Кушегенова Ж.К., Кагазбекова Л.С.</i>	
СИЫМДЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ ҚЫСЫМ ДАТЧИКТЕРІН МОДЕЛЬДЕУ.....	226
<i>Сазамбаева Б.Т., Куаньшиев Г.И., Жуманов М.А.</i>	
ҚҰБЫРЛЫ ТАСПАЛЫ КОНВЕЙЕРДІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	230
<i>Генбач А.А., Джаманкулова Н.О., Бекалай Н.К.</i>	
ЖАРЫСЛЫСТАН ҚОРҒАЛҒАН БАЛҚЫТУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫ ҮШІН ТИІМДІ САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕЛЕРІН ІЗДЕУ.....	234
<i>Хабдуллин Ә.Б., Хабдуллина З.К., Хабдуллин А.Б., Хабдуллина Г.А.</i>	
ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ ШЫҒЫНЫН КІШІРЕЙТУ МАҚСАТЫНДА ЭЛЕКТРЖАБДЫҚТАУДЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН МОДЕЛЬДЕУ.....	238
<i>Салықова О.С., Летвинко П.С., Мадин В.А.</i>	
МОБИЛЬДІ РОБОТ ҚОЗҒАЛЫСЫН БАСҚАРУ АЛГОРИТМДЕРІНЕ ШОЛУ.....	244
<i>Құндызбай Д.Қ., Асембаева М.К., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С., Қуйкабаева А.А.</i>	
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ САЛАСЫНДАҒЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАНДАРДЫҢ САРАПШЫ- АУДИТОРЛАРДЫҢ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУЫН ТАЛДАУ.....	249
<i>Нұрсұлтанов Е.М., Айтқожаев А.З., Асембаева М.К., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С.</i>	
САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІН ТАЛДАУ.....	253
<i>Әбдугалиева Г.Ю., Имангазин М.К., Елеусізов Т.Ж.</i>	
ОЦЕНКА РИСКА ОПАСНОСТИ АВАРИЙ НА НЕФТЕБАЗЕ ТОО «ГЕЛИОС» В АКТИОБИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	255
<i>Павликов, С.А., Бельгинова Р.В.</i>	
АУҚЫМДЫ ДЕРЕКТЕРІ БАР АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚҰРУ.....	260
<i>Скаков М.К., Сағдолдина Ж.Б., Курбанбеков Ш.Р., Тоимбаев А.Б., Байсеркенова Т.Н.</i>	
МЕХАНИКАЛЫҚ ҚОРЫППА ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ZrO_2 ЖАБЫН ҚАБАТЫН АЛУДЫҢ ОПТИМАЛДЫ ПАРАМЕТРІН АНЫҚТАУ.....	265
<i>Сағынтай Ф.С.</i>	
НАН-ТОҚАШ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ҮШІН СҮТ ӨНДЕУ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨСЕРІ.....	273
<i>Токибаев Н.Т., Асембаева М.К., Нурмуханова А.З., Оспанова Ш.С., Қуйкабаева А.А.</i>	
ҚҰРЫЛЫС КІРПІШІНІҢ ӨНДІРІСТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТАЛДАУ.....	277
<i>Мухажанова Н.А.</i>	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША КАТТЫ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ РЕСУРСТЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫ.....	281
<i>Камзина А.Д., Айқумбеков М.Н., Абдигазиев А.Г.</i>	
РЕЛЬСТІК ТІЗБЕКТЕРІНІҢ СЕНІМДІ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	283
<i>Жанпейсова А.С., Тажибаева Г.Х., Нагаибекова Г.Ч., Курбанова Г.В.</i>	
ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА АИТВ ЖҰҚПАСЫНЫҢ ДНҚ-СЫҒАНЫҚТАҒУА МОЛЕКУЛЯРЛЫҚ-БИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	287
<i>Сағынтай Ф.С., Горбатовская Н.А., Касымова М.Т., Курбанова Г.В.</i>	
ТАБИҒИ ӨНІМДЕРМЕН НАН-ТОҚАШ ӨНІМДЕРІНІҢ САПАСЫН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ.....	290
<i>Ақбанбетова Д.Е., Хуанган Н., Рашид Ж.Б.</i>	
ЖЕРАСТЫ ӘДІСІМЕН КЕН ЖАТЫСТАРЫН ҚАЗЫП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ТӨБЕ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ СҰРАҒЫНА.....	294
<i>Уаисова М. М., Иванова И. В.</i>	
